

**Талапкердің / студенттің бірінші кезекте тұруға басым құқығын растайтын құжаттар тізбесі**

№	Егер сіз:	Растайтын құжаттар:
1	Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және ата-анасының біреуі немесе екеуі де мүгедек болып табылатын тұлғалар	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ата-анасының қайтыс болғандығы туралы куәліктің түпнұсқасы мен көшірмесі (жетім балалар үшін);</li> <li>- Қамқоршысы туралы құжаттың түпнұсқасы және көшірмесі (ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін);</li> <li>- білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі</li> </ul>
2	Мүгедектер қатарындағы мүмкіндіктері шектеулі, бала кезінен мүгедектігі бар тұлғалар мен I және II топтағы мүгедектер	<ul style="list-style-type: none"> <li>- студенттің мүгедектігін растайтын құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері;</li> <li>- білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі</li> </ul>
3	Жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалары екендігін растайтын құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері;</li> <li>- білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі</li> </ul>
4	Көп балалы және аз қамтылған отбасылардың балаларына арналған жергілікті атқарушы органдардың грант иегерлері	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ЖАО білім беру грантының жолдамасы туралы куәлік;</li> <li>- білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі</li> </ul>
5	Ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтарға грант бойынша оқуға түскен ауыл жастары қатарындағы адамдар	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ауылдық квотаны ескере отырып, білім беру грантының жолдамасы туралы куәлігі;</li> <li>- білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі</li> </ul>
6	Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын оралмандар - білім гранттарының иегерлері	<ul style="list-style-type: none"> <li>- «Қазақ диаспорасы» санаты бойынша білім беру грантын беру туралы куәлігі;</li> <li>- төлқұжат және тұруға ықтиярхат</li> </ul>
7	Мүгедек балаларға арналған интернат үйлері, балалар мектеп-интернаттары	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балалар үйінде тұрғандығын растайтын анықтама (жетім балалар-балалар үйінің түлектері үшін);</li> <li>- білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі</li> </ul>
8	III топтағы мүгедектер	<ul style="list-style-type: none"> <li>- білім алушының мүгедектігін растайтын құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері;</li> <li>- білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі</li> </ul>

9	Апатты аймақта тұратын білім алушылар (Арыс қаласы, Мақтаарал ауданы)	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мекенжай анықтамасы;</li> <li>- жергілікті атқарушы органдардан келген табиғи апаттан келтірілген залал туралы анықтама;</li> <li>- білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі</li> </ul>
10	Бірінші курсқа қабылданған, "Алтын белгі" белгі иегерлері, Президенттік, халықаралық және республикалық олимпиаданың және (немесе) конкурстың жеңімпазы сертификаты бар білім алушылар, сондай-ақ ұйымды үздік бітіргендігін растайтын құжаты барлар (куәлік, аттестат, диплом)	<ul style="list-style-type: none"> <li>- оқуға қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі;</li> <li>- "Алтын белгі" сертификатының түпнұсқасы және көшірмесі;</li> <li>- сертификаттардың, дипломдардың және грамоталардың және т. б. жүлдегердің түпнұсқасы және көшірмесі;</li> <li>- аттестаттың немесе дипломның түпнұсқасы мен көшірмелері;</li> <li>- білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі</li> </ul>
11	Грант иегерлері: - шалғай аймақтардан келгендер; - жақын аймақтардан келгендер.	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мекенжай анықтамасы;</li> <li>- білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі</li> </ul>
12	Ұйым өткізген Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе Кешенді тестілеу барысындағы қабылдау емтиханы немесе тест қорытындысы бойынша жоғары баллмен бірінші курсқа қабылданған студенттер. Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе Кешенді тестілеу қорытындылары, ұйым өткізген пән бойынша немесе тестілеу түріндегі қабылдау емтихандары пәндер қорытындылары бойынша тең балл жинаған кезде өтініш беруші мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтамалар ұсынған кезде білім алушының материалдық жағдайы ескеріледі.	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ҰБТ сертификатының түпнұсқасы мен көшірмесі;</li> <li>- білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі;</li> <li>- отбасы туралы анықтама;</li> <li>- табыс туралы анықтама;</li> <li>- мемлекеттік атаулы көмек алу туралы анықтамасы;</li> <li>- білім алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын өзге де құжаттар</li> </ul>
13	Ата-анасының екеуі де зейнеткер	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ата-анасының зейнеткерлік куәлігінің көшірмесі;</li> <li>- білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі</li> </ul>
14	Экологиялық қолайсыз аймақтан келген білім алушылар	<ul style="list-style-type: none"> <li>- экологиялық куәліктің көшірмесі (анықтама);</li> <li>- білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі</li> </ul>
15	<b>Шетелдік студент:</b> - бакалавриат, магистратура	<ul style="list-style-type: none"> <li>- төлқұжат;</li> </ul>

	<p>бағдарламалары бойынша білім алушылар;</p> <p>- сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша келген білім алушылар;</p> <p>- тілдік курстарға түскен білім алушылар</p>	<p>- үкіметаралық және халықаралық шарттар;</p> <p>- төлқұжат;</p> <p>-ЖОО аралық келісім-шарттар және серіктес ЖОО-ның хаттары;</p> <p>- төлқұжат;</p> <p>- қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі</p>
16	- ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушылар	- ішкі академиялық ұтқырлықтан өту туралы бұйрықтың көшірмесі;
17	Дайындық курсының тыңдаушылары	- ЖОО арасындағы шарт;
18	Халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын жоғары курс білім алушылары (толық жетім студенттер, мүмкіндіктері шектеулі студенттер)	- білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі
		- оқуға қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі;
		- білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі
		- студенттің жатақханаға тұруға басым құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері;
		- білім алушының жеке куәлігінің көшірмесі.

**Ескертпе:** жатақханалардағы орындар бірінші кезекте қоныстануға басым құқығы бар бірінші курс студенттеріне (жетім студенттерге, мүмкіндігі шектеулі студенттерге, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдарға, "Алтын белгі" иегері, шалғай облыстардан келген мемлекеттік грант иелеріне) беріледі. Әлеуметтік осал санатына жататын (толық жетім, мүмкіндігі шектеулі) 2-4 курс студенттеріне жатақханалардан орын беріледі.